

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарын қолдану саласындағы тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 28 ақпандағы N 37 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 18 наурызда № 6826 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 20 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 65 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 28.01.2016 № 20 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.02.2016 № 65 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарын қолдану саласындағы тексеру парағының нысаны бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың ресми жариялануын;
 - 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Ғ.Т. Төлебаевқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуден өткен күннен бастап күшіне енеді.
5. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *М. Құл-Мұхаммед*
Қазақстан Республикасы
Мәдениет министрінің

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 8 а қ п а н д а

№ 3 7 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Нысан

**Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарын қолдану
саласындағы тексеру парағының нысаны**

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 12.10.2013 № 234 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№ , к ү н і)

Тексерілетін субъектінің атауы _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____

Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

Субъектінің орналасқан мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Иә	Жоқ
1	іс жүргізуге қойылатын талаптардың бұзылуы		
2	көрнекі ақпараттар мәтіндерін орналастыру тәртібінің сақталмауы		
3	азаматтардың өтініштеріне қайтарылатын жауап тілінің сақталмауы		
4	құжаттама жүргізу тілінің қамтамасыз етілмеуі		
5	актілердің мемлекеттік тілде қабылданбауы		

Тексерудің аяқталу мерзімі: 20 жылғы «__» _____

Тексеруді жүргізген(дер): _____

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Б а қ ы л а у

с у б ъ е к т і с і н і ң

басшысы: _____

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)